

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 3 (2025)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org10.48081/JWNE6227>

Бас редакторы – главный редактор

Аубакирова Р. Ж.

д.п.н. РФ, к.п.н. РК, профессор

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Каббасова А. Т., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Мағауова А. С.,

д.п.н., профессор

Бекмағамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Самекин А. С.,

доктор PhD, ассоц. профессор

Син Куэн Фунг Кеннет,

д.п.н., профессор (Китай)

Желвис Римантас,

д.п.н., к.псих.н., профессор (Литва)

Авагян А. В.,

д.п.н., ассоц. профессор (Армения)

Томас Чех,

д.п.н., доцент п.н. (Чешская Республика)

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

***А. Қ. Егенисова¹, А. Б. Шарипова², А. Ж. Аплашова³**

^{1,2}Есенов университеті,

Республикасы Қазақстан, Ақтау қ.

³Торайғыров университеті,

Республикасы Қазақстан, Павлодар қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1568-7912>

²ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-1348-1112>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5736-6199>

*e-mail: almazhai66@mail.ru

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША МАМАН ДАЯРЛАУДЫ SKILLS TECHNOLOGY FORESIGHT ӘДІСІНЕ НЕГІЗІНДЕ ТАЛДАУ

Бұл мақалада Қазақстанның жаһандық кеңістіктегі бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында жаңа экономикалық құрылымның даму бағыттарын нақты айқындау және кадрлар даярлаудың тиімді тетіктерін қалыптастыру қажеттілігі қарастырылады. Адами капиталды дамытудың маңызды алғышарттарының бірі ретінде еңбек нарығының талаптарына сай кәсіби құзыретті мамандарды даярлау үдерісінің жай-күйін талдау – қазіргі кезеңдегі өзекті ғылыми-практикалық мәселелердің бірі болып табылады. Осыған орай, Маңғыстау облысының орта арнаулы оқу орындарын кадрлармен қамтамасыз етілудің жай-күйін skills technology foresight әдісіне негізделген талдау жасау қажет болып табылады. Демек, жас ұрпақтың болашақ еңбек нарығына бейімделуі үшін дұрыс бағыт-бағдар беру қажет екендігі және Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық және технологиялық даму ерекшеліктерін ескере отырып, Skills Technology Foresight әдісі негізінде кадр даярлаудың жай-күйін зерттей отырып, өлкеміздің білім беру жүйесінің қазіргі заманғы ұлттық және халықаралық талаптарға жауап беретін, жоғары зияткерлік және жалпы мәдени дәрежелері бар бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау проблемалары қарастырылып, жаңа мамандықтар мен құзыреттер атласын әзірлеу болып табылады. Бұл атлас

аймақтағы еңбек нарығын болашаққа бейімдеп, экономиканың инновациялық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Зерттеу әдістері ретінде: STF (Skills Technology Foresight) әдістері, Rapid Foresight (RF) – жылдам және тиімді болжауға бағытталған негізгі сипаттамаларымен дәстүрлі тәсілдерден ерекшеленетін Форсайт әдістемесі қолданылады.

Кілтті сөздер: Маңғыстау облысы, кадр даярлау, атлас, білім беру ұйымдары, Skills technology foresight, кәсіп, талдау.

Кіріспе

Қазақстан қазіргі жағдайда жаһандық экономикалық ортаға байланысты бірқатар міндеттерге тап болып отыр. Әлемдік экономика жаңа технологиялық құрылымға көшуде, соның нәтижесінде елдің білім беру, экономикалық жүйесінің барлық құрамдас бөліктеріне жаңа талаптар туындауда. Сондықтан еліміздің әлемдік аренадағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін жаңа экономикалық құрылымның даму бағыттарын дұрыс анықтап, кадр даярлаудың барабар тетіктерін табу міндеті тұр.

Адами капиталды дамытудың негізгі факторларының бірі ретінде еңбек нарығындағы кәсіби құзыретті мамандарды даярлаудың жәй-күйін анықтау, бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Осыған орай, Маңғыстау облысының орта арнаулы оқу орындарын кадрлармен қамтамасыз етілудің жәй-күйін Skills technology foresight әдісіне негізделген талдау жасау қажет болып табылады. Білім саласы мен экономиканы жас мамандармен кадрлық қамтамасыз ету саласындағы өңірлік бағдарламаларының іске асырылуын талдау мәселесімен зерттеген Ресейлік ғалымдар С. М. Коростелев, В. С. Голиков, Н. А. Баранник, О. В. Бондаренко және т.б. ғылыми зерттеулеріне талдау жасалған [1, 2-6.].

Мемлекеттің ғылыми-техникалық және инновациялық стратегиясын әзірлеуде форсайт (Foresight) технологиясы маңыздылығы және арқылы ғылыми-техникалық дамудың басымдықтарын анықтаудың жаңа тәжірибесі ерекше орын алады. 1990-жылдардың басында бұл әдісті АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Жапония және Австралия үкіметтері белсенді түрде қолдана бастады. Қазіргі уақытта бұл әдістеме 40-тан астам елде – Батыс Еуропа, АҚШ және Жапониямен қатар, Латын Америкасы, Қытай және ЕО-ның жаңа мүшелері арасында кеңінен қолданылуда. Ұлыбритания, Германия, Венгрия, Франция және Испанияда форсайтты үкіметтер насихаттайды, ал Швеция, Италия және Португалияда бұл бастаманы іскерлік орта көтерді [2,14-6.]. Бұл әдіс ең кеңінен Ұлыбританияда қолданыс тапты, қазіргі уақытта оның тәжірибесін көптеген елдер пайдаланып келеді [3, 60–65 б.].

Материалдар мен әдістері

Зерттеу әдістері ретінде STF (Skills Technology Foresight) әдістері, Rapid Foresight (RF) – жылдам және тиімді болжауға бағытталған негізгі сипаттамаларымен дәстүрлі тәсілдерден ерекшеленетін Форсайт әдістемесі алынды [4;5]. Бұл әдіс 2010 жылы Ресейде қалыптасты. Оның әдістемесін әзірлеушілердің бірі сол кездегі Ресей президентінің цифрлық және технологиялық даму жөніндегі арнайы өкілі Дмитрий Песков, сондай-ақ, әдістің негізін қалаушылардың қатарында Global Education Futures бастамасының негізін салушы Павел Лукша және «Жаңа кәсіптер атласы» жобасының жетекшісі Дмитрий Судаков болды [6;7].

Сонымен, жас ұрпақтың болашақ еңбек нарығына бейімделуі үшін дұрыс бағыт-бағдар беру қажет. Маңғыстау облысының орта арнаулы оқу орындарында кадр даярлау мәселесінің жәй-күйін зерттеу, жаңа мамандықтардың атласын құру жастарды перспективалық салаларға бағыттауға және олардың кәсіби өсу мүмкіндіктерін кеңейтуге көмектеседі.

Сондықтан да бұл зерттеу еңбек нарығының болашақ талаптарын анықтауға, Маңғыстау облысының экономикалық әлеуетін арттыруға және жастардың болашағын қамтамасыз етуге бағытталған. Аймақтың тұрақты дамуы үшін инновациялық және перспективалық шешімдер ұсыну – зерттеу жұмысының өзектілігін құрайды.

Зерттеудің мақсаты: Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық және технологиялық даму ерекшеліктерін ескере отырып, Skills Technology Foresight әдісі негізінде кадр даярлаудың жәй-күйін зерттей отырып, жаңа мамандықтар мен құзыреттер атласын әзірлеу. Бұл атлас аймақтағы еңбек нарығын болашаққа бейімдеп, экономиканың инновациялық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Зерттеудің міндеттері:

- облыстың әлеуметтік-экономикалық және технологиялық даму жағдайына талдау жасай отырып, Маңғыстау облысының экономикалық құрылымындағы негізгі салалар мен трендтерді анықтау. Аймақтың еңбек нарығындағы қазіргі мамандықтарға деген сұраныс пен ұсынысты зерттеу;

- аймақтық кадрлық жоспарлауға арналған ұсынымдар әзірлеу. Білім беру жүйесін еңбек нарығының болашақ сұраныстарына бейімдеу бойынша ұсыныстар беру. Жастарды жаңа мамандықтарға бағыттау және қайта оқыту жүйесін дамыту жолдарын анықтау.

Бұл мақсат пен міндеттер зерттеудің жүйелілігін қамтамасыз етіп, орта арнаулы оқу орындарының жәй-күйін зерттей отырып, алынған нәтижелерді аймақтың даму стратегиясына енгізуге бағытталады.

Форсайт технологиясы әртүрлі әдістерді қолдана отырып, болашақты зерттеу және болжау процесін жүйелейді. Бұл әдістер ұзақ мерзімді даму стратегияларын жасауға, ықтимал сценарийлерді анықтауға және қоғам, бизнес, ғылым мен мемлекет арасында ортақ көзқарас қалыптастыруға көмектеседі.

Ғылыми-зерттеу жұмысының жаңалығы: Skills Technology Foresight әдісін қолдану арқылы аймақтық еңбек нарығына ұзақ мерзімді болжам жасау және оны практикалық құрал – жаңа мамандықтар мен құзыреттер атласы ретінде ұсыну. Бұл зерттеу Маңғыстау облысының экономикалық дамуына ғылыми негізделген, инновациялық бағытталған үлес қосады. Атап айтқанда:

1 Әлемдік тәжірибеде қолданылатын Skills Technology Foresight әдісі Маңғыстау облысының ерекшеліктеріне бейімделе отырып, қолданылады.

2 Аймаққа тән жаңа мамандықтарды болжау, яғни Маңғыстау облысының экономикалық құрылымын, технологиялық дамуын және еңбек нарығындағы ерекшеліктері ескеріле отырып, болашақта сұранысқа ие мамандықтар анықталады.

3 Еңбек нарығына бейімделген құзыреттер жүйеленеді. Әрбір болашақ мамандыққа қажетті құзыреттер мен дағдыларға нақты сипаттама беріледі. Экономиканың әртүрлі секторларына қажетті жаңа дағдылар мен білімдер анықталады.

4 Практикалық бағытталған жаңа құжат (атлас) құрастырылады. Алынған нәтижелерді негізге ала отырып, аймақтағы білім беру және кадрлық саясатты қайта қарауға мүмкіндік беретін құзыреттер атласы әзірленеді. Бұл атлас мемлекеттік органдар, жұмыс берушілер және білім беру мекемелері үшін практикалық құрал ретінде қызмет етеді.

5 Аймақтық ерекшеліктер ескеріле отырып, еңбек нарығына болжау жасалады. Жаңа технологиялардың (автоматтандыру, жасанды интеллект, цифрлық трансформация) еңбек нарығына ықпалын талдап, аймақтың нақты қажеттіліктеріне сәйкес сценарийлер әзірленетін болады.

6 Білім беру жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленеді. Аймақтың білім беру мекемелерінде жаңа мамандықтар мен құзыреттерге бейімделген оқу бағдарламаларын енгізу бойынша нақты ұсыныстар дайындалады. Жастардың болашақ еңбек нарығында табысты бейімделуі үшін кәсіби бағдарлау әдістемелері ұсынылатын болады.

Нәтижелер және талқылау

Зерттеу нәтижелері Маңғыстау облысының білім беру саласы мен экономикасын тұрақты дамыту, еңбек нарығын жаңа талаптарға бейімдеу және халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету үшін кешенді шешімдер ұсынады. Оның практикалық маңызы – жаңа мамандықтар мен

құзыреттерді аймақтың нақты қажеттіліктеріне сәйкес анықтап, оларды іске асырудың нақты құралдарын ұсынуы болып табылады [8].


Жалпы, жоғарыда келтірілген анықтамаларға сүйене отырып, форсайтты жүйелі болжау процесі ретінде сипаттауға болады. Форсайт дәстүрлі болжам жасаудан ерекшеленеді. Ол тек болжау, жоспарлау немесе олардың бір кезеңі емес, бұл мүлде бөлек құбылыс.

Форсайт – жобаларды әзірлеу барысында азаматтық қоғамның түрлі өкілдері – саясаткерлер, ғалымдар, бизнес өкілдері және тұтынушылар сарапшы ретінде тартылады. Форсайт процесі, әсіресе адамдар арасындағы байланыстарды қалыптастыру тұрғысынан, болашақтың ортақ бейнесін жасауға көмектесуі тиіс.

Сонымен, Маңғыстау облысында техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді қамтамасыз етудің жәй-күйін зерттей отырып, аймаққа болашақта қажетті жаңа тренд мамандықтарды анықтау болып табылады және жасаған талдауларымызды ұсынамыз [9]. Маңғыстау облысы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді (ТЖКБ) қамтамасыз мәселелерін Маңғыстау облысының білім басқармасының ТЖКБ бөлімі (2 штаттық бірлік) және оқу-әдістемелік орталығы (4 әдіскер) қадағалайды.

2023–2024 оқу жылында облыста 25 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы (14 мемлекеттік, 11 жекеменшік) жұмыс істейді. Оның ішінде Ақтау қаласында – 7 колледж, Жаңаөзен қаласында – 3, Маңғыстау ауданында – 1, Бейнеу ауданында – 2, Қарақия ауданында – 1, Түпқараған ауданында – 1. Сонымен қатар, түзеу мекемесі ГМ 172/6 жанындағы 1 мемлекеттік колледж күрделі жөндеуге байланысты уақытша жұмысын тоқтатты [10]. 2022–2023 оқу жылында облыста 26 колледж (15 мемлекеттік, 11 жекеменшік) жұмыс істеді, ал 2021–2022 оқу жылында 27 колледж (16 мемлекеттік, 11 жекеменшік) болды. 2022 жылы жекеменшік «Ақтау колледжі» қызметін тоқтатты.

Соңғы 3 жылдағы динамикаға сәйкес, ТЖКБ ұйымдарының саны жыл сайын азаюда [11]. 2023 жылы 2021 жылмен салыстырғанда колледждер саны. 7,4 %-ға қысқарды (1-сурет)




1-сурет – Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының саны

Мамандарды даярлау 25 колледжде 96 мамандық және 151 біліктілік бойынша жүзеге асырылады, оның ішінде мемлекеттік тілде 17989 (85,6 %), орыс тілінде – 3004 (14,4 %) білім алуда. Білім алушылардың 70 %-ы халықтың әлеуметтік осал топтары санатына жатады.

2023-2024 оқу жылының басында Маңғыстау облысында оқушыларды оқу курстары бойынша бөлу бойынша 1 курста – 7 261; 2 курста – 6 697; 3 курста – 5 690; 3 курста – 2 489 адам білім алды. Күндізгі нысанда оқушылардың 95,7 %-ы, кешкі нысанда тиісінше 4,3 %-ы оқиды. Оқушылардың жалпы санының 77,7 %-ы негізгі орта білім базасында, 20,5 %-ы жалпы орта білім базасында, 1,74 %-ы ТЖКБ базасында оқиды.

2022 жылы білім алушылар саны 21 441 студентті құрады (оның ішінде әйелдер – 10 098), 2021 жылы 20 187 студент оқыды (оның ішінде әйелдер – 9 435) (2-сурет). ТЖКБ ұйымдарында білім алушылар саны соңғы үш жылда 3 %-ға өсті [11].



2-сурет – ТЖКБ ұйымдарындағы студенттер саны

ТЖКБ ұйымдарында студенттерді қабылдау 2023 жылы 7 261 адамды, 2022 жылы – 7 718 адамды, 2021 жылы – 7 174 оқушыны құрады. 2023 жылы ол 2022 жылмен салыстырғанда 6 %-ға аз қабылданды.

Мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі жыл сайын артып келеді. Мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында 14015 (66.7 %) білім алуда. 2022-2023 оқу жылымен салыстырғанда мемлекеттік тапсырыс көлемі 52 орынға ұлғайтылып, 5587 орынды құрады (2022 жылы – 5535, 2021 жылы – 4631), ал ақылы оқыту 1005 адамға азайды.

Маңғыстау облысында кадрларды даярлау келесі бағыттар бойынша жүргізіледі: педагогика, медицина, құрылыс технологиялары, өндірістік және инженерлік технологиялар, өнер, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, қызмет көрсету саласы, логистика және көлік. Маңғыстау облысының білім басқармасы оқу орындарының меншік нысанына қарамастан электронды құжат айналымын жүргізу үшін «EDUS» автоматтандырылған порталын құрды. Соңғы үш жылда облыстағы барлық колледждерде электрондық журнал жұмыс істейді.

Экономиканың әртүрлі салалары бойынша кадрлар даярлауды жүйелеу мақсатында облыстағы колледждерді бейіндеу жұмыстары жүргізілуде. Осыған байланысты екі колледждің бейіні өзгертіліп, 16 колледждің лицензиясы қайтарылды.

2022 жылдан бастап ТЖКБ ұйымдарында академиялық дербестік енгізілді. Бұл ТЖКБ ұйымдарына жұмыс берушілердің қатысуымен, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (МЖМБС), кәсіби стандарттар, WorldSkills кәсіби стандарттары және аймақтық ерекшеліктер

негізінде білім беру бағдарламаларын өз бетінше әзірлеуге мүмкіндік береді. Оқыту мерзімі нақты білім беру бағдарламасы мен оқу нәтижелеріне байланысты.

2023–2024 оқу жылына техникалық және кәсіптік білім беретін мамандарды даярлау бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы 5587 орынды (2021 жылы – 4631, 2022 жылы – 5535) құрады. Ол 23 ТжКБ ұйымында 70 мамандық және 107 біліктілік бойынша орналастырылды [12].

2022–2023 оқу жылында жастар арасында сұранысқа ие мамандықтарға 5535 (84 %) орын бөлінді (МБ – 3535 орын, РБ – 2000 орын) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша 22 колледжге (14 мемлекеттік, 8 мемлекеттік емес) (2021 жылы – 3500 орын, соның ішінде «Еңбек» бағдарламасы – 1131, 2020 жылы – 3108 орын, оның ішінде «Еңбек» бағдарламасы – 1131) [12].

2023–2024 оқу жылына арналған тегін техникалық және кәсіптік білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы 5587 орынды құрайды (оның ішінде республикалық бюджет есебінен – 3000 орын, жергілікті бюджет есебінен – 2587 орын).

Өңірдегі кадр қажеттілігі мен жаңа өндірістерді есепке ала отырып, жыл сайын жаңа мамандықтар ашылуда:

2022 жылы – қолданбалы бакалавр (логопедия), пошта байланысы, спорт жаттықтырушысы-оқытушы, кітапхана ісі, дизайн, азаматтық ғимараттарды қайта қалпына келтіру, металдық жұмыс, зертханалық технологиялар.

2023 жылы – ақпараттық қауіпсіздік жүйелері, мехатроника, робототехника және кіріктірілген жүйелер, жаңартылатын энергия көздері, тон және тері бұйымдарын өндіру технологиясы, агрономия, балық шаруашылығы.

2022-2023 оқу жылында кәсіпорындардың нақты қажеттіліктеріне сәйкес мақсатты мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында 526 орын бөлінді. Бұл ретте 9 колледж бен 46 жұмыс беруші арасында келісімшарттар жасалды. Мамандарды даярлау өңірдің еңбек нарығындағы болжамды қажеттіліктерге сәйкес жүзеге асырылады.

2023–2024 оқу жылына арналған мақсатты мемлекеттік тапсырыс аясында 15 колледж бен 61 кәсіпорын арасында келісімшарт жасалды. Бұл бағдарлама бойынша 584 студент қамтылып, 100 % мемлекеттік тілде білім алады.

Қазіргі уақытта облыста 25 колледж кадрлар дайындауды жүзеге асыруда, оның ішінде 25 мемлекеттік колледж (оның ішінде 1 колледж – КУИС жанында) [13].

Сонымен, Маңғыстау облысының білім саласын дамыту жөніндегі 2022–2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес 5 стратегиялық бағыт

бойынша техникалық және кәсіби білім беру сапасын арттыруға арналған 3 міндет және 13 көрсеткіш белгіленген. Көрсеткіштерге қол жеткізу үшін жергілікті бюджеттен қаражат қарастырылуы жоспарланған.

Техникалық және кәсіби білім беру саласында сұранысқа ие кадрларды даярлау мәселелері Маңғыстау облысының 2021–2025 жылдарға арналған даму жоспарына және 2023 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындыларына негізделген.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім Министрлігінің Ғылым және жоғары білім комитеті қаржыландырады (грант №BR21882382).

Қорытынды

Қорыта айтқанда, жаңа кәсіптер атласы бойынша педагогикалық қоғамдастықтың пікірлерін зерделеу бойынша жүргізілген талдамалық жұмыс Маңғыстау оқу орындары өкілдерінің кадрларға өңірлік қажеттілік картасын қалыптастыру және ілгерілету жөніндегі жұмысқа қатысуға жоғары дайындығын көрсетті.

Өңірде жұмыспен қамтуды арттыру үшін келесі шаралар қабылдануы тиіс:

- жұмысқа қабылдау рәсімдерінің айқындығын қамтамасыз ету;
- білім беру мекемелерімен өзара әрекеттесіп, кадр даярлау процесіне белсенді қатысу;
- жергілікті тұрғындарды, соның ішінде колледж түлектерін жұмысқа орналастыру бойынша әлеуметтік жауапкершілікті арттыру.

Азаматтық қоғам секторы үшін ұсыныстар:

- білім алушыларға арналған кәсіптік бағдарлау бағдарламаларын дамыту және енгізу; әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру, халықтың құқықтық және қаржылық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ кәсіпкерлік дағдыларды дамытуға бағытталған жобаларды іске асыру;
- еңбек қызметінің мәртебесін арттыруға бағытталған жобаларды жүзеге асыру;
- жастармен жұмыс істейтін қоғамдық ұйымдарға еңбек нарығы жағдайы туралы жастарды ақпараттандыру және олардың мобильділігін арттыру бойынша жұмысты жандандыру қажет.

Жоғарыда аталған ұсыныстарды іске асыру Маңғыстау облысында жұмыспен қамту саласын кеңейтіп, жандандырады.

Еңбек нарығы мен технологиялық өзгерістер үнемі дамып отырады, сондықтан Skills Technology Foresight әдісін тек бір рет қолдану жеткіліксіз. Болашақта бұл әдіс тұрақты мониторинг негізінде жүргізілуі тиіс. Бұл үшін

ай сайын немесе жыл сайын саладағы өзгерістерді, жаңа технологияларды және еңбек нарығындағы қажетті дағдыларды бағалап отыратын сарапшылар тобы болуы керек. Сонымен қатар Skills Technology Foresight әдісін қолдану тек еңбек нарығындағы қажетті дағдыларды болжау үшін ғана емес, сонымен қатар білім беру мен кәсіптік дамудың тиімді стратегияларын әзірлеуге мүмкіндік береді. Бұл әдісті әрі қарай дамыту арқылы еңбек нарығындағы қажеттіліктерге сай мамандарды дайындау, жаңа технологияларды енгізу және кәсіби дағдыларды жаңарту мүмкін болады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Карпова, Г. В., Никулина, Ю. Н., Матюшко, А. В.** Анализ реализации региональных программ в области кадрового обеспечения экономики молодыми специалистами [Текст]. // Российское предпринимательство. – 2015. – № 16(16). – С. 2663–2680.

2 **Воронов Ю. П.** Форсайт как инструмент [Текст] // – Новосибирск, 2010. – 14 с.

3 **Шелюбская Н. В.** Форсайт – механизм определения приоритетов формирования общества знаний стран западной Европы [Текст] // Проблемы теории и практики управления. – 2004. – № 2. – С.60–65.

4 Что такое форсайт? [Электрондық ресурс]. – URL: <https://foresight.hse.ru/whatforesight?ysclid=mdbeo8onj1128977747>

5 RAPID FORESIGHT.Методология. 2017, версия 0.4 – 2017. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://asi.ru/reports/67656/?ysclid=mdbeqs0fzc307537677>

6 «Форсайт компетенций» и «Атлас новых профессий» – 2021. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.skolkovo.ru/news/4041-2014-02-24-atlasmovie/>

7 **Жұмашева Д. Н.** Маңғыстау облысы : Аймақтағы білім сапасын арттыруға бағытталған жобалар – 2023. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://bilimdinews.kz/?p=229808>

8 Орта білім. Маңғыстау облыстық білім басқармасының сайты. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-edu?lang=kk>

9 Маңғыстау облысының 2023–2029 жылдарға арналған білім беру жүйесін дамыту бойынша аймақтық жол картасы. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>

10 Куатты өңірлер – куатты ел: Маңғыстау облысы, 2023 ж. Бүкіләлемдік ауқымдағы перспективалы жобалар [Электрондық ресурс]. – URL: <https://ortcom.kz/kk/region-news/1703580113>

11 Техническое и профессиональное, послесреднее образование в Республике Казахстан» (На начало 2023/2024 учебного года). – 2023. [Электрондық ресурс]. – URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/stat-edu-science-inno/publications/6390/>

12 Отчет о проделанной работе отдела обеспечения качества в сфере образования Мангистауской области за первый квартал 2024 года [Электрондық ресурс]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/control-mangystau/documents/details/637156?lang=ru&ysclid=mdbezfcqaz781958497>

References

1 **Karpova, G. V., Nikulina, Ju. N., Matjushko, A. V.** Analiz realizacii regional'nyh programm v oblasti kadrovogo obespechenija jekonomiki molodymi specialistami [Analysis of the implementation of regional programs in the field of staffing the economy by young specialists] [Text] // In Rossijskoe predprinimatel'stvo. – 2015. – № 16(16). – p. 2663–2680.

2 **Voronov Ju. P.** Forsajt kak instrument [Foresight as a tool] [Text]. – Novosibirsk, 2010. – p.14

3 **Шелюбская Н. В.** Forsajt – mehanizm opredelenija prioritetov formirovanija obshhestva znaniy stran zapadnoj Evropy [Foresight is a mechanism for determining priorities for the formation of a knowledge society in Western Europe] [Текст] // In Problemy teorii i praktiki upravlenija. – 2004. – № 2. – P.60–65

4 Chto takoe forsajt? [What is foresight?] [Electronic resource]. – URL: <https://foresight.hse.ru/whatforesight?ysclid=mdbeo8onj1128977747>

5 RAPID FORESIGHT. Metodologija. 2017, versija 0.4 – 2017. [RAPID FORESIGHT. Methodology. 2017, version 0.4] [Electronic resource]. – URL: <https://asi.ru/reports/67656/?ysclid=mdbeqs0fzc307537677>

6 Forsajt kompetencij» i «Atlas novyh professij» [Foresight of Competencies and Atlas of New Professions] – 2021. [Electronic resource]. – URL: <https://www.skolkovo.ru/news/4041-2014-02-24-atlasmovie/>

7 **Zhumasheva D. N.** Mangystau oblysy: Ajmaqtagy bilim sapasyn arttyruga bagytalghan zhobalar [Mangystau region: projects aimed at improving the quality of education in the region] – 2023. [Electronic resource]. – URL: <https://bilimdinews.kz/?p=229808>

8 Orta bilim. Mangystau oblystyq bilim basqarmasyning sajty. [Secondary Education. Website of the Mangystau Regional Department of Education] [Electronic resource]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-edu?lang=kk>

9 Mangystau oblysynyng 2023–2029 zhyldarga arналған bilim beru zhujesin damytu boıynsha ajmaktyq zhol kartasy. [Regional roadmap for the development of the education system of Mangystau region for 2023-2029] [Electronic resource]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>

10 Quatty onirler – quatty el: Mangystau oblysy, 2023 zh. Bukilalemdik auqymdagı perspektivaly zhobalar [Powerful regions-a powerful country: Mangystau region, promising projects on a global scale in 2023] [Electronic resource]. – URL: <https://ortcom.kz/kk/region-news/1703580113>

11 Tehnicheskoe i professional'noe, poslesrednee obrazovanie v Respublike Kazakhstan» (Na nachalo 2023/2024 uchebnogo goda). [Technical and vocational, post-secondary education in the Republic of Kazakhstan (At the beginning of the 2023/2024 academic year)] – 2023. [Electronic resource]. – URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/stat-edu-science-inno/publications/6390/>

12 Otchet o prodelannoj rabote otdela obespechenija kachestva v sfere obrazovaniya Mangistauskoy oblasti za pervyj kvartal 2024 goda [Report on the work done by the Department of quality assurance in the field of education of the Mangystau region for the first quarter of 2024] [Electronic resource]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/control-mangystau/documents/details/637156?lang=ru&ysclid=mdbezfcqaz781958497>

20.07.25 ж. баспаға түсті.

21.07.25 ж. түзетулерімен түсті.

22.08.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. К. Егенисова¹, А. Б. Шарипова², А. Ж. Аплашова³

^{1,2} Университет Есенова,

Республика Казахстан, г. Актау;

³ Торайгыров университет,

Республика Казахстан, г. Павлодар

Поступило в редакцию 20.07.25.

Поступило с исправлениями 21.07.25

Принято в печать 22.08.25.

АНАЛИЗ ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ В МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ НА ОСНОВЕ МЕТОДА SKILLS TECHNOLOGY FORESIGHT

В данной статье рассматривается необходимость четкого определения направлений развития новой экономической структуры и формирования эффективных механизмов подготовки кадров с целью повышения конкурентоспособности Казахстана на глобальном пространстве. Анализ состояния процесса подготовки профессионально компетентных специалистов в соответствии с требованиями рынка труда как одной из важнейших предпосылок развития человеческого капитала является одной из актуальных научно-практических проблем на современном этапе. В этой связи, необходимо провести анализ состояния кадровой обеспеченности средних специальных учебных заведений Мангистауской области на основе метода skills technology foresight. Следовательно, учитывая необходимость правильного направления для адаптации подрастающего поколения к будущему рынку труда и особенности социально-экономического и технологического развития Мангистауской области, изучив состояние подготовки кадров на основе метода Skills Technology Foresight, необходимо обеспечить высокую интеллектуальную и общекультурную подготовку системы образования нашего края, отвечающую современным национальным и международным требованиям рассмотрены проблемы подготовки конкурентоспособных специалистов со степенями и разработка Атласа новых специальностей и компетенций. Этот атлас направлен на то, чтобы адаптировать рынок труда в регионе к будущему и обеспечить инновационное развитие экономики. В качестве методов исследования используются: методы STF (Skills Technology Foresight), Rapid Foresight (RF) – методология Форсайта, отличающаяся от традиционных подходов основными характеристиками, направленными на быстрое и эффективное прогнозирование.

Ключевые слова: Мангистауский регион, подготовка кадров, атлас, организации образования, Skills technology foresight, профессия, анализ

*A. K. Yegenissova¹, A. B. Sharipova², A. N. Aplashova³

^{1,2}Yessenov University,

Republic of Kazakhstan, Aktau;

³Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar

Received 20.07.25.

Received in revised form 21.07.25

Accepted for publication 22.08.25.

ANALYSIS OF SPECIALIST TRAINING IN MANGYSTAU REGION BASED ON THE SKILLS TECHNOLOGY FORESIGHT METHOD

This article discusses the need to clearly define the directions for developing a new economic structure and establishing effective mechanisms for training personnel, in order to enhance Kazakhstan's competitiveness in the global arena. Analysing the state of training professionally competent specialists in line with labour market requirements as one of the most important prerequisites for human capital development is one of the most pressing scientific and practical issues at the present stage. In this regard, it is necessary to analyse the state of staffing in secondary specialised educational institutions in the Mangystau region using the skills technology foresight method. Consequently, given the need for the right direction for the adaptation of the younger generation to the future labour market and the peculiarities of the socio-economic and technological development of the Mangystau region, having studied the state of personnel training based on the Skills Technology Foresight method, it is necessary to ensure a high level of intellectual and general cultural training in the education system of our region that meets modern national and international requirements. The problems of training competitive specialists with degrees and the development of an Atlas of new specialities and competencies are considered. This atlas aims to adapt the labour market in the region to the future and ensure the innovative development of the economy. The following research methods are used: STF (Skills Technology Foresight) and Rapid Foresight (RF) – a foresight methodology that differs from traditional approaches in its main characteristics, which are aimed at rapid and effective forecasting.

Keywords: Mangystau region, personnel training, atlas, educational organizations, Skills technology foresight, profession, analysis

Теруге 25.08.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

4,19 Kb RAM

Шартты баспа табағы 35,56.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. Ж. Шокубаева

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Тапсырыс № 4441

Сдано в набор 25.08.2025 г. Подписано в печать 30.09.2025 г.

Электронное издание

4,19 Kb RAM

Усл.п.л. 35,56. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. Ж. Шокубаева

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Заказ № 4441

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz